

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ
ВНИМАНИЕ

БЕТПЕРДЕ
ТАҒЫҢЫЗ
НОСИТЕ
MASKU



STOP
COVID

АРАҚАШЫҚТЫҚ
САҚТАҢЫЗ
СОХРАНЯЙТЕ
ДИСТАНЦИЮ



КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН
САҚТАҢЫЗДАР
СОБЛЮДАЙТЕ
КАРАНТИННЫЕ МЕРЫ



РУХАНИЯТ



ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА
ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРУ –
РУХАНИ
ҚАЖЕТТІЛІК

5

МӘСЕЛЕ



ЖИНАҚЫ. ҰҚЫПТЫ.
ӘДЕМІ. КӨРКЕМ

8

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 1 тамыздағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 212 924

II компонентпен

1 187 381

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 1 тамыздағы
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **10 789 460** адам,
II компонентпен **10 521 651** адам
вакцина салдырды.
Ревакциналандығандар саны –
5 050 372

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

2.08.2022

Түнде:



+15+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+30+35 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

3.08.2022

Түнде:



+15+20 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+33+38 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №88 (6223) 2 тамыз, сейсенбі, 2022 жыл.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

АЛМАТЫНЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ АНЫҚТАЛДЫ



Алматыда 29–31 шілде аралығында өткен «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-байқауының жеңімпаздары анықталды. Байқауға 100-ге тарта алматылық компаниялар өтінім берген.

6

ТАЗА ҚАЛА

ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ – ХАЛЫҚТЫҢ АЙНАСЫ

Күн сайын қала көшелерін тазалауға
1,4 мыңнан астам жұмысшы жұмылдырылады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алып шаһардың тазалығы қала басшылығының күн тәртібінде тұрған негізгі жұмыстардың бірі десек, қателеспейміз.

2

ҚЫСҚА...

- Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен биылғы 13–15 қыркүйекте Рим Папасы Франциск Қазақстанға мемлекеттік сапармен келеді.
- Қазақстан қор биржасында сауда-саттық көлемі ұлғайды.
- Жылу үшін артық төленген қаржы тұрғындарға қайтарылады.
- Құқық қорғауға арналған білім беру платформасы іске қосылады.
- «Алматы ұстазы» байқауының жеңімпаздары Финляндияда тағылымдамадан өтеді.
- Қазақстанда шетелдік ЖОО-лардың тағы 5 филиалы ашылады.
- Батыс өңірлердегі тұрғындардың жалақысы өседі.
- 2–4 тамызда Алматы, Медеу, Әуезов аудандарында техникалық жұмыстар жүргізуге байланысты суық су уақытша өшіріледі.

www.almaty-akshamy.kz





БІЛІМ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ –
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Оқушылар 1-сыныпта тек ана тілінде білім алады

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов бастауыш сыныпта 3 тілді оқыту жүйесіне енгізілетін өзгерістер туралы айтып өтті. Оның айтуынша, қазақ тілді мектептерде оқушылар 1-сыныпта тек ана тілінде білім алады, ал өзге тілдер екінші және үшінші сыныптарда қосылады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Министрдің айтуынша, қазақстандықтар 3 тілді де меңгеруі керек және алдағы уақытта бұл жүйеден бас тарту жоспарда жоқ. Дегенмен, 3 тілді 1-сыныптан бастап оқыту қиын болғандықтан, бастауыш сы-



ныптарға өзге тілдерді бірте-бірте енгізбекші.

«Бастауыш сыныптарға келсек, осы

тақырыпта зерттеу мен сараптама жүргізе келе, 1-сынып оқушысына 3 тілді бірден меңгеру қиын екенін көрдік. Бұл – тиімсіз.

Мәселе дидактика мен физиологияда. Осы мәселе бойынша шешім қабылдап, қазақ тілді мектептерде 1-сынып оқушысын тек қазақ тілінде оқытуға қатысты жұмыс жүргізіп жатырмыз. Алдымен өз тілінде оқып және жазып үлгереді. 2-сыныпта орыс тілі, 3-сыныпта ағылшын тілі енгізіледі», – деді А.Аймағамбетов.

«Әдіснама тұрғысынан бұл негізделген. Дәл осындай зерттеу мен ұсыныстар бұған дейін болған, сондықтан осы өзгерістер жақын арада енеді. Осы жүйеге көшеміз», – деп қосты министр.

Келешекте енгізу жоспарланып отырған өзгерістер келесідей:

Қазақ тілінде оқитын балалар үшін 1-сыныпта тек ана тілінде оқытылса, 2-сыныпта орыс тілі, 3-сыныпта ағылшын тілі қосылады;

Орыс тілінде оқитын балалар 1-сыныпта орыс тілінде және мемлекеттік қазақ тілінде оқыса, 3-сыныптан бастап ағылшын тілін де қосып меңгереді.

ТАЗА ҚАЛА

ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ – ХАЛЫҚТЫҢ АЙНАСЫ

Күн сайын қала көшелерін тазалауға 1,4 мыңнан астам жұмысшы жұмылдырылады



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласының әкімдігі автомобиль жолдарын, тротуарлар мен арық желілерін санитарлық тазалау жұмыстарының тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдауда. Бүгінде қаланың барлық аудандарында тазалық жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

Басылым тілшілері кеше Медеу ауданындағы жүргізіліп жатқан тазалық жұмыстарын бақылап қайтты.

– Медеу ауданы бойынша тазалыққа жауап беретін 5 бригада бар. Өздеріңіз де байқап отырсыздар, қала көшелерінде жасыл желек жайқалғанымен, аптап ыстық салдарынан жапырақтар сарғайып түсіп жатыр. Міне, соларды тазалаймыз. Бүгін жоспар бойынша Достық даңғылы мен Әл-Фараби даңғылдарының бойын, Шевченко, Қонаев және Мақатаев көшелеріне дейін жол жиегін, суағарларды тазартамыз. Ауданда тазалық жұмыстары тәулік бойы жүргізіледі. Негізгі жұмыстардың басым бөлігі күндізгі уақытта жүзеге асып, түнгі уақытта арнайы көлікпен кезекшілік ұйымдастырылады, – дейді бригада же-

текшісі «Алматы тазалық» МКК-ның Медеу ауданы бойынша бөлім басшысы Әсет Төлегенов.

Ағаштардан түскен жапырақтарды білек сыбана тазалап жатқан жұмысшылардың арасында көзімізге түскен ағамызды сөзге тарттық. Қимылы ширақ Дөнесбай Әлбетов ағамыз бір жымылып қойды да, Алматы көшелерін тазалап жүргеніне 10 жылдан асқанын айтып, былай деді:

– Жасым 66-да. Есімім – Дөнесбай. Бірақ мені барлығы лақап атыммен «Денис» деп атайды. Өйткені, көбі орыс тілді болған соң тілдері келмейді. «Алматы тазалықта» жұмыс істеп жүргеніме 10 жылдан асты. «Екі қолға бір күрек» ұстайтындай шамам бар. Сондықтан үйде бос жата алмаймын. Жұмыс мұрын қанайтындай ауыр емес. Міндетіміз – жаяу жүргіншілер жолын тазартып, қоқысты жинау. Біздің қала тұрғындарына айтар өтінішіміз, қоғамдық орындарды ластамаңыздар, әсіресе, аялдамаларда қоқысты бей-берекет шашпай, арнайы қоқыс жәшіктеріне салыңыздар деп өтініш айтамыз. Ал біз өзімізге тапсырылған міндетті тиісті деңгейде орындап жүріміз деп ойлаймыз. Оның дәлелі сол, қала тұрғындары жиі алғыс айтып жатады, – дейді Дөнесбай аға.

Қала әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, бүгінгі таңда мегаполисте

қызмет көрсетілетін жолдардың жалпы ауданы 25 млн м² астам аумақты құрайды. Мегаполистің 2318 көшесінде тазалық жұмыстары күн сайын жүргізіледі. Оның ішінде 2 706,5 шақырым жол, 1 303,8 шақырым тротуар және 1167,4 шақырым арық желілері бар. Сондай-ақ, қаланың көше-жол желісін қадағалап, тазалығын бақылап отыратын «Алматы тазалық» МКК-мен бірге, 14 мердігерлік ұйым жұмыс істейді.

Су басудың алдын алу мақсатында да жүргізіліп жатқан шаруа көп. 60-тан астам арнайы техника мен мердігерлік ұйымдардың 300 жол жұмысшысы арық желілері мен арық өткелдерін тазартумен айналысады.

Магистральдық көшелерді жуу тәулігіне екі рет ұйымдастырылады. Ал аудандық маңызы бар көшелерді және жалпы пайдалану орындарын жуу – аудан әкімдіктері бекіткен техникалық ерекшелікке сәйкес күн сайын жүргізіледі. Жолдарды жуу жұмыстары жаяу жүргіншілердің жүріп-тұруына кедергі келтірмейді. Яғни жүргіншіге су шашыратпау, сондай-ақ автомобиль дөңгелектерімен ылғалданған сметаның таралуын азайту мақсатында жұмыстар негізінен түнгі уақыттарда жүзеге асырылады.

Жолдың жүру бөлігін суару-жуу машиналарымен жуғаннан кейін жол жиегіне

шегеленген қоқысты жол жұмысшылары жинап, қоқыс үйіндісіне шығарады. Сонымен қатар, қоқыс жинау үшін соқалы шетка механизмдері қолданылады. Шаңды азайту үшін жолдарға алдын ала су себіледі. Мамандардың айтуынша, жолдар мен тротуарларды жууға тәулігіне 5 мың текше метр су жұмсалады.

Жұмысшылар таң атысымен өз шаруаларына кіріседі. «Алматы тазалық» МКК жаз маусымында көшелерді тазалау, абаттандыру, жол бойын жуу, қоқыстарды шығару сияқты жұмыстарды атқарады. Атап айтқанда, аптап ыстық кезінде жол жиектеріне су шашу жұмыстары жүргізіледі. Ол жолдағы шаңның азаюына сеп. Жалпы, жаз уақытында көшелерді тазалау жұмыстарына қаланың барлық ауданында үздіксіз тазалық жұмыстары жүргізіледі. Жұмысшылар жуу құрылғылары, жол сыпыруға, су шашуға арналған техникалар, жүк тиегіштер мен жүк тасымалдағыштармен қамтамасыз етілген. Коммуналдық қызмет өкілдері үшін жұмыс күні таңғы сағат 6-дан басталады.

Айта кетейік, күн сайын қала көшелерінде 866 арнайы техника (соның ішінде «Алматы тазалық» – 609 техника) жұмыс істеп, 1413 жол жұмысшысы күшімен 90 тоннадан астам қоқыс шығарылады.



БРИФИНГ

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН



Бостандық ауданы әкімінің орынбасары Ринат Сейдраманов Өңірлік коммуникациялар қызметінің онлайн-брифингінде аудан аумағын абаттандыру туралы айтып берді.



**Досбол
АТАЖАН**

Р.Сейдрамановтың хабарлауынша, Бостандық ауданында ресми түрде 367 473 адам тұрады. Аудан әкімдігі аудандағы тұрғын үй-коммуналдық мәселелерін бірінші кезекте шеше отырып, «Алматы-2050» стратегиясын жүзеге асыруда белсенді қызмет етіп келеді.

«Біз тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын реформалауды жалғастырамыз. Бостандық ауданында барлығы 1900 көпқабатты тұрғын үй болса, оның 303-і тозығы жеткен деп танылған. Олар 1960-жылдарға дейін салынған, олардың тозу дәрежесі 80-нен 100 пайызға дейін», – деді спикер.

Аудандағы 8 алаңда 130 үй сүріледі. Олардың орнына жаңа заманауи тұрғын үй кешендері пайда болады. Әзірше ескі тұрғын үйлерді бұзып, соның ішінде бюджет есебінен құрылыс салу тетігі әзірленіп жатыр. Жергілікті атқарушы органдар жеке инвесторларды тарту бойынша жұмыс жүргізуде. Әкімдік ауданның ерекшеліктерін сақтай отырып, абаттандыру бойынша жұмыстарға ұқыпты қарауға мән береді.

Сондай-ақ, Ринат Сейдраманов «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша өткен жылы трансформацияланған 55 көпқабатты үйге жөндеу жұмыстары жүргізілгенін айтты. 20 үйдің шатыры, қасбеттері, кіреберістері жөндеді және инженерлік желілер ауыстырылды, 35 үйде 85 лифт жаңартылды.



Аудан әкімінің орынбасары инженерлік желілерді дамыту мәселесіне кеңінен тоқталды. Ұзындығы 2,9 шақырым болатын «Қасқад» және «Алмагүл» қосалқы станцияларының құрылысы 200 мыңнан астам абонентті электр қуатымен қамтамасыз етуі тиіс. Сонымен қатар, «Нұрлытау» шағынауданында «Ерменсай» тазарту қондырғысын салу жоспарлануда.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Бостандық ауданы әкімінің орынбасары аулаларды жөндеу, жаңа ойын алаңдарын орнату бойынша бүгінге дейін жасалған тиімді тәжірибе жалғасатынын айтты. Өткен жылы 100 аула жөнделсе, биыл 80 аула күрделі жөндеуді күтіп тұр. «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасы аясында ауданның 8 алаңында балалар және спорт алаңдары жөндеді.

Брифинг барысында жарықтандыруға қатысты мәселелерге де жауап берілді. Р.Сейдраманов бүгінде Бостандық ауданында жарықтандырылған көшелер 87 пайызды құрағанын және көп ұзамай жарықтандыру бойынша өзге аймақтардағы мәселелер шешілетінін айтты. Алдымен 83 көшені жарықтандыру жүзеге асса, аудан көшелерінің жарықтандырумен қамтылуы 90 пайызды құрайтын болады.

Ауданда 17 көшеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде, олардың ұзындығы – 14,5 шақырымды құрайды. Қазіргі уақытта 7 көшеде жұмыстар аяқталды. Сондай-ақ, Кекілбайұлы көшесі мен Байқадамов көшесінің қиылысы, Гагарин даңғылы мен Қожабеков көшесінің қиылысы және Тимирязев көшесі бойымен Есентәйі өзенінің шығысы, Жандосов көшесі мен Тілендиев көшесінің қиылысы, Розыбакиев көшесі мен Лисянский көшесінің қиылысы, Тимирязев көшесі мен Айманов көшесінің қиылысы, Гагарин үйі мен Мұстафин көшесінің солтүстік жағындағы Біржан көшесінде жаяу жүргіншілер өткелінің құрылысы жүріп жатыр.

«Ауданда мектептердің құрылысы мен кеңеюі үзіліссіз жүріп жатыр. Қазірдің өзінде 1625 орынды №38, 60, 199 мектептердің қосымшалары пайдалануға берілді. 300 оқушыға арналған №191 мектепке жапсаржай құрылысы аяқталуда. Әлеуметтік жауапкершілік аясында 300 орынды №146 лицей ғимаратына қосымша құрылыс жұмыстары аяқталды. Кейінірек «Bazis-A» компаниясы 300 орынды №65 жалпы білім беретін мектепке қосымша құрылыс салуды бастайды», – деп атап өтті спикер.

Сонымен қатар, №81 мектеп-гимназиясы мен №40, 45 жалпы білім беретін мектептерге сейсмикалық күшейту жұмыстары жүргізілді. «Орбита-3» шағынауданындағы №145 мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жалғасуда. Жергілікті атқарушы органдар құрылыс салушылармен бірлесе отырып, «Мега Алматы» сауда орталығы мен «АДК» сауда үйінің ауданында мектептер салу мәселесін қарастыруда.

Мектептермен қатар балабақшалар салынууда, жөндеуде және сейсмикалық нығайтылууда. Мысалы, № 21 гимназия аумағында 120 орынды жаңа балабақша құрылысы аяқталды. Сондай-ақ, №71 балабақша ғимаратын күрделі жөндеумен сейсмикалық нығайту жүргізілді. Науаи көшесіндегі №113 балабақша ғимаратына бір жылға жуық күрделі жөндеу жұмыстары жасалды. Ашылуы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне жоспарланып отыр.

Ауданда денсаулық сақтау нысандарының құрылысы басымдыққа ие, 2020–2024 жылдарға арналған «Жаңа Алматы» кешенді жоспары белсенді жүзеге асырылып жатыр. Аудан әкімі орынбасарының айтуынша, «Балаларға жедел медициналық көмек көрсету орталығының» операциялық блогы бар қабылдау бөлімшесі корпусының құрылысы жалғасуда. Жұмыстар келесі жылдың сәуір айында аяқталады деп жоспарланып отыр.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда 2022 жылғы қаңтар-наурызда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығаруы 2854,6 млрд теңгені құрады.



Қала әкімдігі мұқтаж отбасынан шыққан 19 000 оқушыға мектеп формасын әпереді.



Шаһарда 54 жаңа жекеменшік балабақша ашылды.



Мегаполисте атаулы әлеуметтік көмек алатындар тағы 8000-ға артады.



Алматыда жыл басынан бері мүмкіндігі шектеулі 10 500 азамат техникалық оңалту құралдарын алды.



Алып шаһарда 128 000-нан астам бейнебақылау камерасы жұмыс істейді.

ӘЛЕУМЕТ

ЖЫЛУ ТӨЛЕМІ ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Қазақстандықтарға жылуға артық төленген 489 миллион теңге, Алматы қаласы бойынша 41 миллионға жуық ақша қайтарылады.



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Жұмыс табиғи монополиялар саласындағы заңнаманың нормаларына сәйкес жүргізілген. Оның қорытындысы бойынша қайта есептеу нәтижесінде жылу маусымында (2022-2023 жылдары) немесе күнтізбелік жыл үшін (2022 жылдың соңына дейін) қаражатты есептеуді қайтару халықтың жеке шотында көрсетіледі және аванс (сальдо) түріндегі жеке жолда жазылатыны белгілі болды.

«Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасы нормаларына сәйкес табиғи монополия субъектісі



сырттағы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын тұтынушыларға тікелей не тұтынушының тұрған жерін анықтау мүмкін болмаған жағдайда жылу энергиясымен жабдықтау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке ақы төлеу кезінде та-

рифті төмендету арқылы қайта есептеуді жүргізуге міндетті. Осылайша өткен 2021-2022 жылдардағы жылыту кезеңінде жылумен жабдықтау бойынша қызмет көрсететін табиғи монополия субъектісі жылу энергиясының төлеміне ҚҚС-ты ескере отырып жалпы сомасы 489 950 250 теңгеге қайта есептеу жүргізді», делінген хабарламада.



БРИФИНГ

КӨП КҮТКЕН ШЕШІМ

Алматыда Қала құрылысы кеңесі жұмысын бастайды

Қай елде, қай жерде болсын, жыл сайын түрлі нысандардың құрылысы жүретіні белгілі. Тіршілік қазаны қайнап жатқан Алматыда да бұл сала қарқынды дамыған.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде алып қалада мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың нәтижесінде, салынып жатқан тұрғын үйлер, мектептер мен балабақшалар көп. Одан бөлек, жеке кәсіпкерлік бағытта бой көтеріп жатқан құрылыс нысандары қаншама? Бірақ олардың барлығы белгіленген мерзімде аяқталып жатыр ма? Мәселе осында.

Рас, салынып жатқан құрылыс нысанының кейбірі айтылған уақытында пайдалануға берілсе, енді бірінің мерзімі кешігіп жатады. Неге? Өйткені, құрылыс кезінде күтпеген жерден түрлі мәселе тууы мүмкін. Бағаның өсуі, қажетті құрылыс материалдарының дер кезінде жетпегені, жұмыс қолының тапшылығы секілді мәселелер құрылыстың жүруіне кедергі келтіреді. Дейтұрғанмен, бір-екі жыл емес, бірнеше жылға созылған құрылыстар қаланың ажарын кетіріп қана қоймай, қарапайым тұрғындардың жүріп-тұруына қолайсыздық тудырып жатқаны жасырын емес. Өйткені, мегаполисте қаңқасы ғана қалқайған құрылыс нысандары әлі де жетіп-артылады. Бұл мәселе қала тұрғындары тарапынан

әлеуметтік желіде бірнеше мәрте талқыланып та үлгерді. Осыны ескерген қала билігі көп күткен шешімге нүкте қоймақ.

Алматыда тамыздан бастап Қала құрылысы кеңесі жұмысын бастайды. Кеңес қаладағы жөн-жосықсыз кеткен құрылысты ретке келтіруге күш салмақ. Бұл туралы өткен аптада Қазақстан Сәулетшілер одағының президенті Серік Сұлтанғали Орталық коммуникациялар қызметінде болған брифингте айтқан болатын.

Иә, Алматы – көптің сүйікті қаласы. Алып шаһар тамсанбауға болмайтын ғажап табиғатымен, әсем ғимараттарымен жасты да, жасамысты да баурап алған. Бірақ сәулетшілердің айтуынша, шаһар шырайын тоқтап қалған «сақалды құрылыс» пен нысандардың тығыз орналасуы бұзып тұр.

Брифинг барысында Сәулетшілер одағының президенті бұл жағдайды Мемлекет басшысына да жеткізгенін айтты. Енді аталған мәселелерді жүйелеуге бірлескен шешім қажет дейді ол.

«Президент Қасым-Жомарт Кемелұлына жазған хатымда сәулет саласындағы мәселелерді көтере отырып, Алматы қаласын мысалға келтірдім. Алматының ең басты проблемасы – жобалар сейсмиканы ескермей іске асырылып келеді. Қазір Алматы қаласының әкімі Қала құрылысы кеңесін құрды. 1 тамыздан бастап сол кеңес жұмыс істей бастайтын болады», – деді Қазақстан Сәулетшілер одағының президенті Серік Сұлтанғали.

Одақ төрағасының айтуынша, құрылыс жоспарындағы кемшілік мегаполистің инфрақұрылымына да зиян келтірген. Олқылықты ретке келтіру үшін іске әкімдікті тартыпты. Жұмыс тобы заңсыз салынған нысандар, архитектуралық талапқа кел-



мейтін құрылысты қалпына келтірмек. Сәулетшілер саладан мүлдем хабарсыз жанның көптігін атап өтті.

«Сәулетші – үйдің қасбеттерін әрлейтін, оның дизайнын жасайтын адам емес. Ол шын мәнінде қала, облыс немесе ауылдың болашағын қалыптастыратын маман. Әр құрылыстың өзіндік маңызы бар. Мектеп болсын, аурухана болсын. Содан барып сәулетшілердің мәртебесі төмендеп кеткенін көресіз», – деді сәулетші Алексей Абилов.

Брифинг барысында сәулетші бас жоспарға бағынбай, өз қалауымен құрылыс жүргізетін компанияларды жазалау керектігін айтты. Ол үшін заңға өзгеріс енгізу керек деді. Зәулім үйлер тұрғызылғанымен, сол аумақтағы тұрғындарға қажетті саябақ, мектеп, балабақша, дүкен, ойын алаңдарын жасау ескерілмейді. Сәулетшілер кемшілікті бүгін қолға алмасақ, кейін кеш болатынын ескертті. Ендеше, көп күткен шешім қаланың ажарын ашуға, сәнін кіргізуге пайдалы болатынына күмән жоқ.

ХҚКО

Алматыдағы ХҚКО-да жылдам қызметтер аймағы ашылды. Онда қызмет алушылар үшін бөлек электрондық кезек қарастырылған. Енді залдағы операторларға жүгінбей-ақ, бірден осы аймақтан қызмет алуға болады. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ таратқан мәліметке сәйкес, қаладағы барлық ХҚКО-да аудан тұрғындарының тығыздығына қарай 6-7 аймақ жұмыс істейді. Мұнда жылдам алуға болатын 13 түрлі қызмет көрсетіледі.

БҰРЫНҒЫДАН ДА ЖЫЛДАМ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛЕДІ



Досбол
АТАЖАН

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының қызмет көрсетудегі факторларының бірі – халыққа сапалы әрі жылдам қызмет көрсету. Осы орайда филиалдың 8 аудандағы фронт-офистерінде жылдамдық аймағы жұмыс істей бастады. Жылдамдық аймағының жұмыс мәні – қызмет алушы залдағы операторларға өтіп, 20–25 минут күтіп отырмайды. Ресепшіге жақын орналасқан жылдамдық аймағына өтіп, 5 минутта жұмысын бітіре алады. Қала бойынша жылдамдық аймағы үшін 54 жұмыс орны қарастырылды. Мұнда азаматтарға 5 минут ішінде жылдам қызметтер көрсетіледі», – дейді филиал директорының орынбасары Әсем Болатбекова.

Жылдам қызметтер аймағында соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру, Қазақстан Республикасы халқының тұрғылықты жері бойынша тіркеу, тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығару, салық төлеушілерді тіркеу, жылжымайтын мүлік объектілерінің жоспарын (схемасын) қоса алғанда, тіркеу органы куәландырған тіркеу ісі құжаттарының көшірмелерін беру, электронды цифрлық қолтаңба алу, мектепке дейінгі (6 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою, жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау жөнінде анықтама беру секілді қызметтер көрсетіледі. Бұдан басқа, ХҚКО-ларда Өзіне-өзі қызмет көрсету секторлары да жұмыс істейтінін еске саламыз. Онда электрондық қызметтерді азаматтар өздері алады. Алматы ХҚКО-лары 2022 жылдың алты айында 1 450 808 мемлекеттік қызмет көрсетті.

АЙТЫЛДЫ-ЖАСАЛДЫ

АНАЛАРДЫҢ ӨТІНІШІН ТЫҢДАДЫ

Алматы қаласы аудандарының әкімдері көпбалалы аналармен кездесулер өткізді.

Аудан тұрғындарымен кездесу барысында айтылған көптеген өтініштерге байланысты Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан әкімдеріне көпбалалы аналармен ай сайынғы кездесулер ұйымдастыруды тапсырған еді.

Алматы қаласының әкімі бекіткен кестеге сәйкес, ағымдағы жылдың шілде айында аудан әкімдері көпбалалы аналармен 8 кездесу өткізді.

Кездесуге барлығы 99 көпбалалы отбасы

келді, әкімдерге 126 сұрақ қойылды. Оның ішінде 52 сауалға түсініктеме берілді, 37 сұрақ кездесуден кейін пысықталды, тағы 37-сі қаралып жатыр.

Негізгі сұрақтар:

- тұрғын үй алу (кезекке қою) – 30 (24%);
- білім беру (балаларды мектептер мен балабақшаларға орналастыру, мектеп формасы, Artsport бағдарламасы) – 29 (23%);
- әлеуметтік жәрдемақылар (АӘК, азық-түлік жиынтықтары) – 25 (20%);
- ТҮКШ және абаттандыру (газды қосу, сумен жабдықтау және су бұру) – 14 (11%);
- жұмысқа орналастыру – 15 (12%);
- басқалары – 13 (9,5%).

Қала әкімі 2022 жылдың тамыз айына аудан әкімдерінің көпбалалы аналармен кездесуінің тиісті кестесін бекітті.

Аудан әкімдерінің қаладағы көпбалалы аналармен кездесу кестесі

№	Өтетін күні	Өтетін уақыты	Өтетін орны
Алатау ауданы			
1	16.08.2022 ж.	сағат 10.00	«Шаңырақ-2» шағынауданы Жанқожа батыр көшесі, 26. (Алатау ауданы әкімінің аппараты)
Алмалы ауданы			
2	17.08.2022 ж.	сағат 10.00	Наурызбай батыр көшесі, 106 А. (Ауданның «Бақытты отбасы» қолдау орталығы).
Әуезов ауданы			
3	04.08.2022ж.	сағат 10.00	Алтынсарин даңғылы, 23. (Әуезов ауданы әкімінің аппараты).
Бостандық ауданы			
4	24.08.2022 ж.	сағат 10.00	Розыбакиев көшесі, 250. (Ауданның «Бақытты отбасы» қолдау орталығы).
Жетісу ауданы			
5	26.08.2022 ж.	сағат 10.00	Жансүгіров көшесі, 65. (Ауданның «Бақытты отбасы» қолдау орталығы).
Медеу ауданы			
6	18.08.2022 ж.	сағат 10.00	Қарқаралы көшесі, 15. (№ 172 мектеп-гимназия).
Наурызбай ауданы			
7	12.08.2022 ж.	сағат 10.00	«Шұғыла» шағынауданы, 347-үй. (Наурызбай ауданы әкімінің аппараты).
Түркісіб ауданы			
8	25.08.2022 ж.	сағат 10.00	Р.Зорге көшесі, 9. (Ауданның «Бақытты отбасы» қолдау орталығы).

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



● РУХАНИЯТ

Ұлттық домбыра орталығын құру – рухани қажеттілік

Күні кеше Үкімет отырысында Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров Ұлттық домбыра орталығын ашуды ұсынды. Депутаттың айтуынша, домбыра орталығы еліміздегі барлық өнерді шоғырландыратын дербес ұйым болуы керек. Бұл ұсынысты Мәжіліс депутаты Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановқа жолдаған депутаттық сауалында айтты.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Ерлан Саиров Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Рухани жаңғыру құндылықтары – біздің басты рухани бағдарымыз» деген сөзін басшылыққа ала отырып, ұлттық мәдениеттің маңызына тоқталды.

«Президент айтқан рухани бағдарымыз еліміздің ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, төл мәдениетінен нәр алатыны сөзсіз. Әрбір халықтың өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениеті. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, халықтың жаны, ақыл-ойы, парасаты. Бүгінде қазақ руханиятына әлемнің түкпір-түкпірінен сан түрлі ақпарат құйылып жатыр. Салдарынан ұлттың тұтастығы мен салт-дәстүріне сызат түсіп, ел берекесі шайқала бастады», – деді Мәжіліс депутаты.

Депутат еліміздегі рухани келеңсіздіктердің алдын алудың бір тетігі ретінде Ұлттық домбыра орталығын ашуды ұсынып қана қоймай, осы орталықтың жұмыс істеу бағытына қатысты бірнеше нақты ұсыныстарды да тізіп берді.

Амапат партиясы ұлтымыздың рухани әлемін сақтап дамытудың кешенді бағыт-бағдарын жасау қажет деп есептейді.

1. Жаһандану процестері өзінің технологиялық жетістіктерімен қатар, ұлттық мәдени кодты коррозия жасайтын, халқымыздың тарихи санасына жат бағыттар әкелуде.

2. Домбыра орталығы ұлттық игілігі-

мізді терең ұлықтау арқылы, әсіресе жастар арасында осындай жат пигылдан аулақ болудың алаңына айналуы абзал.

3. Ұлттық домбыра орталығы қазақтың тереңнен келе жатқан мәдени брендін, салт-дәстүрін халықаралық деңгейде насихаттауға қабілетті, ауыл-аймақтан қазақтың жас таланттарын жия отырып, домбыра дүлдүлдерін тәрбиелейтін орынға айналуы қажет.

4. Бүгінгі қым-қиғашы көп заманда өзіндік рухани кеңістікті, ұлттық болмысты сақтап, аялап, дамыту өте маңызды. Осынау кезеңде жастар, азаматтар дәстүрлі рух, нәр алатын рухани ұлттық пана рөлін атқаратын мекемелер құру мемлекетіміздің болашағы үшін өте маңызды.

Мәселені шеше отырып, занда белгіленген мерзімде жауап беруіңізді сұраймын», – деді Ерлан Саиров Амапат партиясының фракция мүшелері атынан жолдаған депутаттық сауалда.

Мәжіліс депутаттарының сауалын ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов жауапсыз қалдырған жоқ.

«Қазақ өнерін дамыту мақсатында еліміздің түкпір-түкпірінде көптеген ұлттық аспаптар ұжымдары қызмет етіп, әртүрлі байқаулар мен фестивальдар тұрақты өткізіліп жатыр. Халық аспаптарының оркестрлері Қазақстанның әр аумағында жұмыс жасайды. Мұндай ұжымдардың қызметі қазақ салт-дәстүрлерінің ұмытылмауының кепілі», – деді Үкімет басшысының орынбасары жауабында.

Вице-премьер еліміздегі бірқатар өнер ордаларын тізіп шықты. Е.Тоғжанов атап

«Домбыра – ежелден аңызға айналған қасиетті аспап. Қасиетті домбыра атадан балаға қалатын мұра. Қос ішекті қара домбыраның үнінде Ұлы даланың тамыры терең тарихы мен сан ғасырлық шежіресі бар. Заманауи тілмен айтқанда, ол біздің ұлттық бренд».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.



өткендей, елордада Мемлекеттік академиялық филармониясында қазақ оркестрі, «Сарыарқа» фольклорлық ансамблі, «Қорқыт» этно-ансамбльдері, Алматы облысында Сүйінбай атындағы облыстық филармониясында домбырашылар ұжымы мен «Алатау әуендері» концерттік бірлестігі, Ақтөбе облысында «Ер Едіге» жыр мектебі, Павлодар облысында Иса Байзақов атындағы облыстық филармонияда домбырашылар оркестрі, Қостанай облысында «Шаңырақ» ұлттық өнер орталығы жұмыс істеп тұр.

«Атырау облысында Домбыра музейін, ал Ақмола облысында жергілікті домбыра орталығын ашу көзделіп отыр. Қазіргі таңда елімізде Құрманғазы атындағы ұлттық аспаптар оркестрі және Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы, ұлттық өнер жоғары оқу орындары жұмыс істейтінін ескере отырып, республикалық деңгейде Ұлттық домбыра

орталығын құру мәселесі қосымша пысықтауды талап етеді», – деді Ералы Тоғжанов.

Кез келген қазақтың үйіне бара қалсақ, көзіміз еріксіз домбыраны іздейді. Төрінде үкілі домбыра ілулі тұрғанын көрсек, көкірегімізді қуаныш, мақтаныш сезімі кернейтіні дерас. Бабамыздан қалған қастерлі аспапты барлық өнер атаулының бастауындай көреміз. Сондықтан руханиятымыздың тамырына су жүгіртіп, өшкенімізді жандырамыз десек, домбыра орталығын құру – ұтымды ұсыныс. Домбыра орталығы жай ғана қарапайым қатардағы үйірме емес, ұлтты тәрбиелейтін киелі орда болса деген тілегіміз бар.

● МЕРЕЙ

БАСПАСӨЗДІҢ БІЛГІРІ

Қазақ баспасөзінде Гүлсан Сағымбекованың орны ерекше. Бала күнінен баспасөзді жанына серік еткен жас қыз мектептен соң Алматыға аттанады. Бағы жанған бойжеткен С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсіп, 1974 жылы университетті үздік бітіріп шығады.

Қаламы қарымды, ойы ұшқыр журналистке жұмыс табу да қиынға түскен жоқ. Еңбек жолын қазаны қызу қайнап жататын газет редакциясында қатардағы тілші болып бастап, жауапты басшылық қызметтердің сатысымен көтерілді. Осынау жылдар ішінде Гүлсан Рахманқұлқызы Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданындағы «Еңбек жалыны – Пламя труда» газеті редакторының орынбасары (1974–1979 ж.ж.), Алматы облыстық «Жетісу» газетінің партия өмірі бөлімінің меңгерушісі, бірінші партия ұйымының хатшысы (1979–1984 ж.ж.), «Егемен Қазақстан» республикалық газетінің қоғамдық-саяси өмір бөлімінің редакторы (1984–1990 ж.ж.), Алматы қаласы әкімінің баспасөз



хатшысы және баспасөз қызметінің басшысы (1990–1996 ж.ж.), Алматы қаласы әкімдігінің баспасөз хатшысы және баспасөз қызметінің жетекшісі (1996–2010 ж.ж.), Алматы қаласы әкімдігі баспасөз қызметінің бас маманы (2011–2014 ж.ж.) қызметтерін атқарса, 2014 жылдан қазіргі кезге дейін Алматы қаласы баспасөз қызметінің контент-редакторы қызметін атқарып

келеді. Қыруар жұмыспен қатар, орыс, ағылшын, неміс, түрік тілдерін де еркін меңгеріп алған.

Қазақ баспасөзінің дамуына үлкен үлес қосқан Гүлсан Рахманқұлқызының еңбегі әрдайым мемлекет тарапынан жоғары бағаланып отырды. Мәселен, экономикалық тақырыптар бойынша жазылған мақалалары үшін Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты (1984 ж.), мәдени тақырыптардағы мақалалары үшін Баубек Бұлқышев атындағы сыйлықтың лауреаты (1986 ж.) атанды. Ұзақ жылдар бойғы төккен тер мен еткен еңбек текке кеткен жоқ. 2016 жылы Қазақстан журналистикасының дамуына қосқан зор үлесі мен ерен еңбегі үшін «Қазақстанның Құрметті журналисі», ал 2019 жылы «Қазақ журналистикасының қайраткері» сынды құрметті атақтарға ие болды.

Ұзақ жылғы еңбегі Қазақстан Журналистер одағы мен Алматы қаласы әкімдігінің Құрмет грамоталарымен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл» төсбелгілерімен марапатталды. Гүлсан Рахманқұлқызы «Тоғысқан тағдырлар», «Қасиетті мекен» атты кітаптардың авторы. 1976 жылдан бері Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Отбасында бақытты әйел, ардақты әже.

Биыл 70-тің белесіне шығып отырған әріптесімізді мерейлі жасымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, бақ-дәулет, баянды бақыт тілейміз.



ОТАНДЫҚ ӨНІМ

АЛМАТЫНЫҢ ҮЗДІК
ТАУАРЫ АНЫҚТАЛДЫАйжан
БҮРКІТБАЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте).

Осы үш күн ішінде қала қонақтары көрмені тамашалады, жергілікті тауарлармен танысты. Өз кезегінде өндірушілер көрменің тегін алаңында өнімдерін қойды, іскерлік байланыстарын кеңейтті, ынтымақтастық туралы уағдаласып, келісім-шарттар жасады.

Көрме-байқаудың салтанатты рәсіміне Алматы қаласы әкімдігі, мемлекеттік органдар, елшіліктер мен консулдықтардың өкілдері, қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер қатысты.

– «Қазақстанның үздік тауары» көрме-байқауы сияқты алаңдар даму, жетілу, танылу үшін жақсы мүмкіндік береді. Байқауға қатыса отырып, компания ілгерілеудің жаңа кезеңіне шығады, байқау талаптарына қарай сапа стандарттарына сәйкестігін растайды, өз өнімін отандық тауар өндірушілердің үлкен көрмесінде ұсынуға мүмкіндік алады. Көрмеге қойылған тауарлар көз жауын алады. Осы тауарлардың барлығы Алматыда шығарылады деп ауыз толтырып айтуға болады. Барша қатысқан компанияға алғыс білдіргім келеді, жеңімпаздарға сәттілік тілеймін, – деді Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасы директорының айтуынша, 2022 жылғы қаңтар-наурызда өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өнім шығару (салыстырмалы бағаларда) 28,5%-ға ұлғайды, жұмыспен қамтылғандар саны 17,4%-ға өсті және жұмыс істеп тұрған субъектілердің саны 2022 жылғы 1 сәуірде 10,6%-ға өсті.

– Сіздердің еңбектеріңіз, ұйымдастырушылардың күш-жігері арқасында біз үш күндік мерекені өткіздік. Өндіріс дамып, сапа жақсаруда, салауатты бәсекелестік өсіп, қаламыздың экономикасы дамып жатыр. Алматыда 2022 жылғы қаңтар-наурызда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығаруы 2854,6 млрд теңгені құрады. Байқауға қатысқан әр өндіруші компания жеңімпаз болуға лайықты. Дегенмен, байқаудың аты байқау. Елордада оңтүстік астананың намысын қорғайтын үздік компанияларды анықтадық. Барлық қатысушыға алғыс білдіремін! Кәсіпкерлік жолында табыс, сәттілік, береке тілегім келеді, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров.

Алматылық компаниялар «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Халыққа арналған үздік тауарлар», «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациялары бойынша бақ сынады. Әр номинацияда үш жеңімпаз анықталды.

«Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясында:

1-орынды «Семирамида тігін фабрикасы» ЖШС иеленді. Компания 1997 жылдан бері қазақстандық киім өндіруші болып қызмет етеді. Шеберлер тобы өз дизайн орталығының көмегімен клиенттердің құбылмалы талаптарына тез жауап беру қабілетін өз артықшылығы деп санайды.

2-орынды дәрілік, дезинфекциялық, антисептикалық құралдар, тұрмыстық химия, клинингке, ауыл шаруашылығы мен құс шаруашылығына арналған кәсіби химия заттарын өндіретін «Microhim» ЖШС иеленді. Өндіруші халықтың денсаулығына қамқорлық жасай отырып, тек экологиялық таза және қауіпсіз материалдарды пайдаланады.

3-орынды ішкі нарыққа арналған «Preal» балалар жөргектерінің жаңа маркасын шығаратын «CRS» ЖШС иеленді. Компания сондай-ақ жөргекке арналған шикізат өндіруді жоспарлап отыр. Өндірісте түрік және жапон технологиялары қолданылады. Өнім 100% гипоаллергенді. Әзірге компания тест партиясын жұмыс атауымен шығарды. Қазір брендинг бойынша жұмыс жүріп жатыр.

«Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы бойынша:



1-орынды «ОБИС» ЖШС жеңіп алды. Алкогольсіз сусындар өндіретін Алматы компаниясының тарихы 1995 жылдың сәуірінен басталды. «Серебряная» брендімен күміс иондарымен байытылған су тереңдігі 230 метрден асатын жеке артезиан ұңғымасынан алынады. Сондай-ақ, ЖШС құрамында шырыны бар сусындар, табиғи шырындар, квас және балалар тағамы үшін шырындар шығарады.

2-орын «Ұлт дәмі» брендімен шығарылған ұлттық өнім өндіруші «Р.Б.Молдасанова» жеке кәсіпкерлігіне берілді. «Молдасанова Р.Б.» ЖК өз қызметін 2006 жылы бастады. Бүгінгі таңда фирма ұлттық тәттілерді шығарады: «Ұлт дәмі» брендімен шоколад қосылған жент, құрт, талқан, сондай-ақ ұлттық асхана мейрамханасын жүргізіп, кейтеринг қызметтерін көрсетеді. Ассортиментте 200-ден астам атау бар.

Номинацияда **3-орынды** «Куликовский Казахстан» ЖШС иеленді. «Күлгін» түсті үлкен және тату отбасы Қазақстан нарығында 2016 жылдан бастап жұмыс істейді. Компания табиғи өнімдерден торттар, пирожныйлар және тәттілер жасайды.

«Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясында «Акнур Кабель» ЖШС үздік компания атанды. 2007 жылдан бастап зауыт кабель өнімдерін шығара бастады. Қазіргі уақытта «Акнур Кабель» кабельдің 1000-нан астам түрін өндіреді. Қазақстан Республикасының аумағында кабель өндіретін жетекші зауыттардың бірі. Кәсіпорынның мақсаты ҚР стандарттарына сәйкес келетін және еуропалық баламалардан кем түспейтін жоғары сапалы кабельді өндіру және сату.

2-орынды «KazTigerTape» ЖШС иеленді. «KazTigerTape» компаниясы – қаптама материалдарының ірі өндірушілерінің бірі. Алматыда өндіріс 2010 жылдың қаңтарынан бастап іске қосылды. Фирма стрейч пленка үшін қолмен және автоматты тарту, буып-түю скотчтың (өзі жабысатын үлбір, жабысқақ үлбір) барлық түрлерін шығарады.

Өндірістік мақсаттағы номинацияда **3-орынды** «Med365» ЖШС иеленді. Компания медициналық тексерулердің автоматтандырылған жүйесін шығарады. Командада бизнеске, денсаулық сақтауда және қауіпсіздік мәселелерінде табысты қолданылатын жасанды интеллект әзірлемелерімен айналысатын инженер-әзірлеушілер жұмыс істейді. Көрмеде ұсынылған аппарат 1 минут ішінде медициналық экспресс-тексеруді жүзеге асырады: Face ID бойынша тану; алкогольге мас болу тесті; дене температурасын өлшеу; тамыр соғу жиілігін өлшеу; АҚ өлшеу.

Сондай-ақ, Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының **Өңірлік кеңесінің дипломанттары анықталды:** Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар «Асфальтобетон 1» ЖШС-на берілді. Халыққа арналған үздік тауарлар – «HOMMES» ЖШС берілді. Үздік азық-түлік тауарлары номинациясын «Султанова А.И.» ЖК Дана Есееваның оқу орталығы алды.

Өңірлік іріктеу жеңімпаздары Елордада Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өтетін республикалық байқауға жолдама алды. Байқау дипломанттары «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-байқауының эмблемасы және дипломдарымен марапатталады, сондай-ақ байқау эмблемасын жарнамалық мақсатта төрт жыл бойы пайдалану құқығына ие болады.

Байқау-көрменің салтанатты бөлімінен кейін қонақтар арасында 100-ден астам бағалы сыйлық ұтысы ұйымдастырылды.





ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ

БАЙТҰРСЫНОВ ТАҒЫЛЫМЫ

Алаштықтардың дәуірі өзінше бір шежіре. Оны зерделеп, халыққа насихаттау – парыз

Биыл Қазақ мемлекетінің негізін салушылардың бірі, бір бойына сан түрлі қасиеттерді жиған Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл. Осыған орай, алаштану ілімін зерттеуші М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері Әділет АХМЕТҰЛЫМЕН сұхбаттасқан болатынбыз.



**АХАН –
АЛЫП АДАМ...**

– Ахмет Байтұрсынұлының мерей-тойы қарсаңында ел біле бермейтін құпиялар ашылады деп ойлайсыз ба?

– Бұл енді салмағы ауыр сұрақ. Біздің елдегі ғылымға деген ауыр қиянаттың бастауы сол, кімнің де болсын, мерей жылында ғана сол туралы әңгіме қозғау. Ұлт ұстазының 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде үлкенді-кішілі іс-шаралар арқылы аталып өтілуде. Ол, әрине, ел болып қуанарлық іс. Бірақ біздің елде кез келген ғалымның немесе ұлттық не мемлекеттік тұрғыда аса маңызы бар оқиғалардың тек мерей жылында немесе әлдебір дөңгелек санға тура келетін (жүз жыл, жүз елу жыл, жеті жүз елу жыл, т.б.) жылында ғана дүркіреп, басы жұдырықтай, аяғы қылдырықтай болып кететіні есті кісіні ойландыратын нәрсе. Сол тұрғыдан қарасақ, ғалымның жүз елу жылдық мерей жылы үлкенді-кішілі деңгейде өтіп жатқанына, бұл да тәуелсіздіктің арқасы ғой деп шүкір айтқанымызбен, науқаншылдықпен дүр етіп өте шығатын көп мерейтойдың бірі секілді, бұл жыл да өте шығады-ау деген алаңдаушылығымыз да жоқ емес.

«Ахмет Байтұрсынұлының ел біле бермейтін қырлары» дегенде, әуелі, сол кісінің ел білетін қыры қанша еді деген сұрау кескестеп отыр. Жасырмай-ақ қояйық, біздің ел хакім Абайды ептеп таниды. Ол кісінің өлеңдерін балаларға жаттатып болса да, әрбір қазақ Абай десе, бір өлеңі қорғасындай ауыр, қайғысы да мол, «қалың елім, қазағым» деп өткен иманжүзді кісіні көз алдына елестете алады. Бірақ Ахметті, Әлихан, Міржақыпты немесе Алашорда төңірегіндегі әлдебір тұлғаны айтып көріңіз, бұның сұлбасын елестеткенімен, нақты бағасын кесіп айта алатын қазақ баласы санаулы ғана. Оның себебі, Ахмет, Әлихан, Міржақып, Шәкәрімдердің және өткен ғасыр басындағы көшбасшылардың тарихи бағасы тұтас ұлттық деңгейде толық берілмегендіктен болып отыр.

– Нақты қандай тың мұралары табылуда?

– Әрине, жокқа шығара беруге болмайды. Алаштанушы, ахметтанушы ғалымдардың еселі еңбектерінің арқасында тәуелсіздік қарсаңында да, бүгінге дейін де аталған ғалымдардың, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының көптеген мұралары табылып, том-том болып жұртпен қауышты. Соның арқасында кемінде гуманитарлық ғылымдар саласы аталған тұлғаларды біршама тани бастады. Бірақ бұл мемлекет құрған халыққа аздық етеді. Әлемде дамыған елдерге қарасаңыз, бәрі де тарихта өткен данышпандарын рух төріне шығарып отыр. Мысалы, Еуропа елдерінің кез келген көшесінен кезіккен адамнан Шекспирді, Гетені кім деп сұраңыз, кібіртіктемей сарнай жөнеледі. Кез келген орыстан Ломоносовты, Чеховты, Толстойды, кез келген қытайдан Сун Ятсенді, Лу Синьді сұраңыз, күмілжімейді. Аталған тұлғаларының барлық қырын шашып тастамаса да, тұлғалық бейнесін шамалап болса да айтты,

жауапсыз қалдырмайды. Шын мәнінде, біз сөз етіп отырған А.Байтұрсынұлы аталған ғалымдардың ешбірінен кем емес еді. Бірақ біз өзге елдің данышпандарын танымыз да, өз көшбасшыларымыз жөнінде білеріміз шамалы.

Сұрағыңызға оралсақ, егер А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойында ғұламаның жұртқа белгісіз қырларын ашамыз десек, бұл ауқымды іс кемінде осыдан бес жыл бұрын басталуы керек еді. Сонда, әр салада жүрген алаштану төңірегіндегі ізденімпаз кісілер ғалымның біраз тың дүниесін тауып үлгірер ме еді деймін. Оған мысалды алыстан іздемей-ақ қояйын. Алматы қаласының мыңжылдығын өткіздік, ойбай, мына қазақтың мың жыл болған қаласы бар екен деп бүкіл әлем мойындады ма? Қазақ хандығының 550 жылдығын өткіздік, 550 жылдың алдында Қазақ деген ел болыпты ғой, картаны қайта сызайық деп әлем елдері оқулықтарын қайта жазба бастады ма? Алтын Орданың 750 жылдығын өткіздік. Не өзгерді? Көшеден кездескен кез келген қазаққа Алтын Орданың 750 жылдығын тойлағанда қаншалықты қуандыңыз деп айтыңызшы? Мұны айтып отырғанымыз, мұндай мерей жылдарда ұлтымыздың мерейі өссін, мейманысы тасысын деген ел, біріншіден, тым ерте қамданады. Екіншіден, оны ойын-тоймен дүрілдете салмайды. Ғылымның күшін іске қосып, аталған тұлғаның бұған дейін табылған мұрасын зерттеп, зерделеп, тарихи бағасын тұрақтандырып, табылмаған мұрасын іздеумен болады.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай, үлкенді-кішілі бірнеше іс-шаралардың басы-қасында болдық. Конференциялар, «дөңгелек үстелдер», студенттермен, оқушылармен кездесулер өтті. Бәрінің де қатысушы топқа берер әсері, салар ойы өзгеше. Ахмет теңдессіз ғалым ғой. Теңдессіз ғалымның мұраларын таныған адам шындықтың шуағын сезініп, шыңға шыққандай болады. Осы үрдіс тек белгілі орындардың есеп беру қимылы тұрғысында ғана емес, жалпы ұлттық деңгейде, ханның ордасынан қараша ауылға дейін, осы жылы ғана емес, тұрақты өтіп тұрса, ұрпақтар санасына Ахмет бейнесі орнай берсе ғана ұлт ұстазы алдындағы ұлтымыздың борышы ада етілген болар еді. «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясының ел іші-сыртындағы қазақ қауымына берген әсері өзгеше болды. Дәл сол сияқты, әр жастағы, әр деңгейдегі адамдарға арналған ахметтану, алаштану істері түрлі тәсілдермен күллі қазақтың көкірегіне ұяласа, сонда ғана А.Байтұрсынұлының белгілі және белгісіз қырлары ашылған болар еді. Бізге қазір Ахметтің белгілі қыры дегеніміз де тек осы салада еңбектеніп жүрген ғалымдар мен ізденіс жолындағы филологтардың танымнасына ғана орнады. Ахмет Байтұрсынұлының жарық дүниеде ұлтына шамшырақ болам деп жүріп ашқан жаңалығын, жазған кітаптарын, тартқан азабын, ұлы махаббатын, мұқалмас рухын еске алып, көзінен көл төгіліп отыратын тек ғұламаның мұраларын парақтап жүрген санаулы ғана кісілер бар. Ұлт болып Ахметтей ғалымның туғанына мақтанатын, жұрт болып Ахмет бастаған жүз мыңдаған адамның атылып, айдалғанын ойлап кеткенетін деңгейге жетпейінше, Ахметті және Алашты таныдық деу ерте.

Биыл жыл соңына дейін елімізде А.Байтұрсынұлының көптомдықтың бірнеше үлгіде жарық көрмекші. Солардың бірі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұжымы құрастырып жатқан ғалымның академиялық толық жинағы. Өзім де сол абыройлы жұмыстың бір қызметшісімін. Қазірше, академиялық жинақ арқылы ғалымның мынандай қырын ашамыз деп ұрандатпаймыз. Алайда, ғалымның ешкімге белгісіз қырын ашатындай болмаса да, бұған дейін жұртқа белгісіз болып келген бірнеше мақаласы, бірнеше мұрағаттық құжаттары табылып жатыр. Ұлт ұстазының академиялық жинағы сондай жаңа мазмұн-



дармен толығып, туған халқымен жүздеседі деп отырмыз. Биыл мамыр айында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен ғалымның үштомдық таңдамалы жинағы шықты. Аталған жинақта тұңғыш рет түпнұсқа негізді басылымдар көшірмесімен берілді және ғалымның тілтанымдық және әдістемелік құралдары барынша түпнұсқаға (XX ғасыр басындағы жазу емлесіне) жақындатылып берілді. Осындай ауыз толарақ жаңалықтар да жоқ емес.

Ұлтымыздың ұстазы деген ұлы мәртебеге ие болған ғалымның белгілі қырының өзі көп қазаққа белгісіз болғандықтан, белгісіз қыры туралы сұраққа алыстан орағытып келіп жауап берген жайымыз осы.

ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫН КӨТЕРДІ

– Ұлт ұстазы қазақты неден жиренуге, неден үйренуге үндеді?

– Қазақты Абайдан артық сынаған ақын жоқ деп жүрміз ғой. Негізі, Ахмет, Әлихан, Міржақып бастаған Алаш зиялылары кезі келгенде қазақты Абайдан өткізе сынады. Шын мәнінде Абай да, Алаш Орда да қазағын өзінің жалғыздай жақсы көргендіктен сынады. Ахмет Байтұрсынұлы көшбасшы болған топ жұртты сынаумен бірге тығырықтан шығатын жолды көрсетіп берді. Қазақтың алғашқы абайтанушысы – Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» деп 1913 жылы кесек мақала жазып, Абайдың тарихи бағасын беріп үлгіріп еді.

Ахмет Байтұрсынұлының мұраларын түпнұсқадан оқып, шама-шарқымызша зерделеп жүрген азамат ретінде, реті келген жерде мына бір сөзді айтып жүрмін, «Абай айтқан кемел адам дейтін өлшемге бір адамды лайық деп көрсетші десеңіз, мен А.Байтұрсынұлын көрсетер едім». Ахмет, Әлихан, Міржақып, Шәкәрім, т.б. өткен ғасыр басындағы қазақ аспанында самсаған жұлдыздай жарқыраған тұңғыры биік тұлғалардың бәрінің де илегені, бір сөзбен айтқанда, Абай илеген терінің пұшпағы еді. Яғни Абай, Ыбырай, Шоқан бастаған қараңғылық қарсы күресті олардан ширек ғасыр кейін ілгерілетіп, ғазиз жандары құрбан болған 1938 жылға дейін жалғастырды. Қаймана қазақты өнер-білім, ғылым жолына салып, өзгеріске толы құбылмалы саяси тарихи кезеңде екі тізгін, бір шылбыры қолында тәуелсіз ел құруды ұлы мұрат етті. Абай Крыловтан аударса, Ахметтің де Крылов мысалдарын аудару арқылы «Қырық мысалдатуы» кездейсоқтық емес.

Надандықтан жиреніп, озған елден үйренуді баса айтты, жиі жазды. 1909 жылдан бастап «Маса», «Қырық мысал» жинақтарын баспадан шығарып, өзін бейбіт сезініп, бейғам жатқан елін оятты. 1912 жылы мұсылман түріктер мың жыл бойы қолданған араб жазуы негізіндегі қадім жазуына теңдессіз реформа жасап, төте жазуды барлыққа келтірді. 1913–1918 жылдар арасында «Қазақ» газетін шығарып, аталған газет ұлт рухын асқақтатып, жұртты оятқан, білімге шақырған жолбасшы болғаны белгілі.

Сол төте жазуымен 1912 жылы алғаш рет «Оқу құралын» (Қазақша әліппе) жазып, атаған құралмен бала оқытты. Ғалымның

осы оқу құралы 1912–1925 жылдары арасында 13 рет басылса, қазақ тілін үйретуге арналған «Тіл-құрал» атты оқулығы 34 қайтара басылды. Онан сырт, үлкендерге арнап жазған «Сауат ашқыш», «Оқу құралы (үлкендерге)» атты оқулықтарының өзі шағын энциклопедия деуге тұрарлық мұралар.

1926–1928 жылдары бұрынғы «Оқу құралы» (қазақша әліппе) атты он үш жыл бойы он мыңдап, тіпті жүз мыңдап басылған оқулығын тоқтатып, сол тұстағы заманауи білім беруді көздеп жазған, «Әліпби. Жаңа құрал» атты оқулығы күллі қазақ мектептерінің ең маңызды кітабына айналды. Оқу-тұтылдардың қолданба құралы ретінде «Тіл жұмсар» (I, II), «Баяншы» атты оқулықтар жазды. Ал енді XX ғасыр басында әлемдегі адамзат баласында ең кемелді деп танылған екі-ақ әдебиет теориясы атты еңбек бар болса, Аханның «Әдебиет танықышы» (1926) соның үшіншісі еді дейді ғалымдар. Ғалымның бұлардан сырт, фольклорлық мұралар жинақтап, «23 жоқтау», «Ер-Сайын» қатарлы кітаптарды баспадан шығаруы да өлшеусіз еңбектің жемісі еді.

Енді осыларға өмірінің көбірек уақыты түрмеде, айдауда, саяси қуғындарда жүрген ғалымның тұтам уақыт шықса, тұтас тарихты тірілтетін ғажап болмысын қосыңыз. Саяси үндеулері, ашық хаттары, қайраткерлік, күрескерлігі өз алдына бір төбе әңгіме. Басқасын қоя тұрып, тек қана төте жазуын жетілдіру барысындағы жиырма жылдық жанкешті еңбегін айталықшы. Бүгінгі таңда бір институт, тіпті академия ұжымы басын қосып отырып, отыз жылда істей алмаған жұмысты, көп уақыты түрмеде өткен жалғыз кісінің тындырып кеткенін бүгінгі біз қаншалық бағалай алдық?

АЛАШТЫҚТАР ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ БАСТАУЫНДА ТҮРДЫ

– Ұлт зиялыларының идеясы неде еді?

– Ұлтсыздық қаупін ерте сезіп, ұлттық мемлекет құруды – Алаш автономиясының іргетасы қаланса, ары қарай тұтас түріктің басын біріктіруді көздеді. Қазақтың тілінің тазалығын өзі жаратқан ғажап жазуы және жыл сайын жетілдірген емлесі арқылы сақтады. Қазақ тілін таза сақтаса, күндерде бір күн түрік дүниесі тұтасса, қазақ тілі басты қатынас тілі болатынын батыл айтты. Ұлттың төл жазуын жасап, қазақ тіліне ғана тән 24 дыбысты тұрақтандырып, төл дыбыстан өзге шеттен енген дыбыстарды (ауақтың ф, х, һ дыбыстарын) қолданыстан шығарды. Осы арқылы мың жыл бойы мұсылман түріктеріне ортақ ескі әдеби тілде сақталған араб, парсы сөздерінен туындаған тіл шұбарлығын жойды. Орыс пен Еуропа тілдерінен кіргелі тұрған терминдерге қазақ тілінен, болмаса туыстас түрік тілінен балама іздеді. Онда да табылмаса, тек қазаққа бар 24 төл дыбыс арқылы шеттен енуі мүмкін болған терминдер қазақша «шапан киіп шыға келді». Қазақ тілін ғылым тіліне айналдырды. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалатынын» айтып, дабыл қақты.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



МӘСЕЛЕ

ЖИНАҚЫ. ҰҚЫПТЫ.
ӘДЕМІ. КӨРКЕМ

немесе мектеп формасы туралы бірер сөз

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Мектеп оқушылары өздеріне берілген үш ай демалыстың екі айын тауысты. Енді бір ай ғана қалды. Демек, етек-жеңді жинайтын уақыт таяды. Иә, жаңа оқу жылы да, міне, келіп қалды. Баланың аты – бала, олар әлі де жаз қызығымен алаңсыз жүр, ал ата-аналар алдағы күндерге дайындық қамына кіріскелі жатқаны анық.

Үлкендерді ең бірінші кезекте мектеп формасы мазалайды. Бір үйде төрт-бес бала болса, тіпті қиын. Сауда нүктелері бала жектеген ата-анаға толып кетеді ертең. Бірақ сол мектеп формасының бағасы да бір жүйеге әлі түспеген. Көбіміз сапасы жақсы деп түркиялық фирмаларға жүгіреміз. Арзандау деп қырғызстандық, қытайдың тауарын алғанымызбен, көп киіс бермей, түте-түтесі шығып, тез тозып қалады. Шыны керек, осы орайда мектеп оқушыларының формасын тігетін отандық өндірушілердің қатары әлі де аз екені рас.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары оқушылар қолына түскенін кигенін білеміз. Бірақ еркін киім кейбіреулерді еркінсітіп, «бардың» баласы мен «жөктің» баласының айырмашылығы көзге бірден көріне бастағаны да жасырын емес. Сондықтан осынау әлеуметтік теңсіздікке алаңдаған ата-аналар бірыңғай мектеп формасын енгізу

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ



туралы әңгімені өздері көтеріп әкеткен болатын.

Иә, елімізде қазіргі күні мектеп формасы сақталған, бірақ әр мектептің өз жеке киімі бар. «Неге соны министрлік біріздендірмейді екен» деген ой да кейде қылаң беріп қалатыны бар. Әр мектептің өзінің жеке формасы болғаны да кедергі емес дейді тағы бір ойымыз. Мектеп, гимназия, лицей оқушылары түрлі байқауларға қатысып жатқанда сапта тұрып, оқып жүрген білім ошағын даралап, паш етіп тұрғаны да жаман емес-ау.

Пандемияға байланысты жарияланған былтырғы төтенше жағдайлар кезінде біздің министрлік ата-аналардың жағдайына қарай-

лап, арнайы бекітілген мектеп формасын кимей-ақ, ұқыпты, классикалық киіммен келуге болады деген еркіндік берген болатын. Мұны да әркім түрліше қабылдады. Мәселен, оқушылар әлеуметтік дәрежесін пайдаланып, әсіресе, қыздар жағы қымбат кофталар, заманауи стильдегі белдемшелер кие бастады. Ал биыл ол еркіндік болмайды. Яғни Алматының оқушылары бірыңғай мектеп формасын киінеді.

Жалпы, мектеп формасы дегеніміз – бұл оқушының киім стилі. Заманауи тілмен айтсақ, дресс-код. Мамандар оқушының мектеп формасының өзі сол елдің мәдениетінің деңгейін көрсетеді деген пікірде.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Түбінде озатыны – жасампаз бала

Роза ТЕНІЗБАЕВА, менеджер:

– Білім міндетті түрде бірінші тұрады, оған сөз жоқ. Бірақ мектеп формасы болуға тиіс. Біз Кеңес мектебінде оқып, бірдей форма кидік. Одан жаман болғанымыз жоқ. Арнайы форма көшеде келе жатқанда, қоғамда, социумда оқушы екенін білдіреді, оқушының этикетін көрсетеді. Бірдей киініп келе жатқан балалар көзге де сүйкімді, жинақы, ұқыпты, әдемі, әсем көрінері анық. Балалар бір-бірін киіміне қарап бөлмейді, «сен төмен, мен жоғарымын» дегендей, бір-бірін алааламайды. Сондықтан форма болғаны дұрыс деп ойлаймын.

Дәулетбек БАЙТҰРСЫНҰЛЫ, ақын:

– Мектеп формасы сөзсіз болғаны дұрыс. Формадағы бала алдымен өзінің оқушы екенін сезінеді. Басқа ортадан өзін оқшау ұстайды. Айналасына сергек қарайды. Формада жүргенде оқушыда жауынгерлік, патриоттық сезім болады. Мектепке формамен келіп-кеткенде оқушылардың бай немесе кедей екендігі білінбейді. Психологиялық тұрғыда да бір-бірімен ауыртпалықсыз, терезесі тең түрде байланыс жасайды. Енді сабақ үлгеріміне келсек, ол бөлек әңгіме. Түбінде озатыны – бай баласы емес, үздік оқушы, жасампаз бала. Кімде талант болса, кім тырысып оқыса, жеңіс соныкі.

Гайһар ДҮЙСЕНБАЕВА, журналист:

– Бірдей форма киюдің өзі ортақ тәртіпке бағыну деп білемін. Ал әркім әрқалай киінер болса, біреудің жағдайы бар, екіншісінікінде ондай жағдай жоқ дегендей, оның бәрі баланың психикасына, эмоциясына, тіпті, күнделікті баланың сабақ үлгеріміне де әсер етеді деп ойлаймын. Өмірге деген көзқарасын да өзгертуі қажат емес. Яғни бірыңғай форма әлеуметтік теңсіздікті жасыруға септігін тигізеді. Мектепте әркім әрқалай киінсе, онда мұғалім қайсы, оқушысы қайсы, айыра алмасы анық. Барлық баланың бірдей киінуі олардың санасында қазірден тәртіпке бағыну деген ойды қалыптастырады, алдағы үлкен өмірге дайындайды деп ойлаймын.

СӨМКЕ ҰСТАМАЙТЫН ОҚУШЫЛАР

ӨЗГЕ ЕЛДЕ

Кореяның оқушылары джентльмендік үлгіде киінеді Ұлдар ақ жейде және батыс стиліндегі шалбар кие, қыздар да ақ жейде, жәкет, қара юбка және галстук тағады. Жапония балаларының формасы теңізшілердің киіміне ұқсайды екен. Малайзияның



Британдық мектеп формасының стилі – классика. Ортаңғы сынып оқушылары батыс стиліндегі ортодоксалды форма киінеді. Ұлдар классикалық костюм мен галстук тағып, былғары бөтенке киінеді, қыздар да батыс стилінде киінеді.

Америка Құрама Штатында оқушылар үшін киім таңдауда шектеу жоқ, олар мектеп формасын кию, киімеуді өзі шешеді. Бір қызығы, Америкада мектеп формасы 1980 жылдары ғана пайда болыпты. Алғашында



мектеп формасы жағдайы төмен аудандардағы мектептердегі бірін-бірі атып, шауып, төбелесетін «мінезі қиын» жасөспірімдердің проблемасын шешу үшін енгізілген екен. Десе де, мектеп формасы оқушының сабақ үлгеріміне немесе тәртібіне керемет бір әсер ете қоймаған көрінеді.



Қайырымдылықтан басталады

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Санаулы күндерден кейін мектеп қабырғаларында кезекті жаңа оқу жылы басталады. Мектепке барар сәтте ешкімнен кем болмай, білім алғаны ата-ана үшін – бақыт, қоғам үшін – тұрақтылық. Демек, мектеп науқанына баланы дайындау – ата-ана парызы.

Дегенмен, бір баланың өзін мектепке дайындау ата-анаға едәуір салмақ түсіретіні анық. Ал отбасында бірнеше бала болса ше? Қазір барлық салада қымбатшылық белең алып, ел экономикасына сыртқы нарықтағы өзгерістер де едәуір әсер етіп жатқаны айтпаса да түсінікті. Өлбетте, ата-ана барлық баласын бірдей жаңа оқу жылына ойдағыдай толық даярлай алмасы анық. Бұдан басқа да әлеуметтік көмекті қажет ететін тұрмысы төмен отбасы мен жетім, жартылай жетім балалар бар. Оларға да көп болып көмек көрсету – игілікті іс.

Қазақ ешқашан жетімін жылатпай, қиындыққа тап болғанға пана бола білген ел. Осыған орай, елімізде дәстүрлі түрде «Мектепке жол» атты республикалық акциясы жұмыс жасайды. Акцияның мақсаты – жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы тапсырмасымен осы акцияға жаңашылдық енгізіліп «Мектепке жол» акциясы жыл бойы жүргізіледі. Осыған орай мұқтаж азаматтар мен қайырымды жандардың арасында көпір болуды көздейтін «Менің атамекенім» қоғамдық бірлестігінің порталында «Мектепке жол» жаңа платформасы дайындалған болатын.

Мұқтаж жандарға көмектесуді, сондай-ақ демеушілік көмек көрсетуді қалайтын кез келген адам еліміздің Бала құқықтары жөніндегі уәкілеттілігінің «111» ұлттық байланыс орталығына немесе Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің (7172) 74-25-28 сенім телефонына хабарласуына, қажетті ақпаратты Комитеттің www.balal-qk.gov.kz веб-сайтынан алуға болады. Сонымен қатар, «Мектепке жол» акциясы шеңберінде қолұшын созуға ниет білдірген азаматтар жергілікті білім беру органдары мен ұйымдары арқылы да көмек көрсете алады.

Бүгінде Алматы қаласы Наурызбай ауданындағы №157 жалпы білім беретін мектеп ұжымы «Мектепке жол» акциясы аясында көмекке мұқтаж отбасылардың сәл де болса, бір ауырын жеңілдетуге үлес қосатын қайырымдылық шарасына білек сыбана кірісіп кетті.

– «Өзін ғана ойлаған, жамандықтың белгісі. Өзгені де ойлаған, адамдықтың белгісі» деген қазақ атамыз. Қайырымдылық – адам баласының бойынан табылуы тиіс асыл қасиеттердің тек біреуі ғана. Мейірімге толы қайырымды жүрек мұқтаж жанарға демеу болумен оларға өмір сүруге жаңа күш пен талпыныс сыйлай алады. Көмекке зәру жандарға қиналған шағында қолұшын созу – әрбір адамның парызы. Ендеше, жаңа оқу жылына сақдай-сай болуға қам жасаған мектеп оқушыларына сәттілік тілей отырып, акцияға қатысуға барша азаматтарды шақырамыз, – дейді №157 жалпы білім беретін мектептің тәрбие ісінің орынбасары Әбдіқадір Бақжан.

АЛМАТЫНЫҢ АУДАНАРЫ

Тоқсан жылға жуық тарихы бар Жетісу ауданының «қазаны» қашан да қайнап жатады. Олай дейтін себебіміз, қаламыздағы алпауыт өндіріс ошақтары мен кәсібін дөңгелеткен кәсіпорындардың дені осы аудан аумағына орналасқан. Сондықтан қашаннан еңбек етем деген кісіге бұл ауданда екі қолға бір жұмыс табу аса қиын емес. Соңғы жылдары аудан аумағында «Тұрғын үйді жаңарту» бағдарламасы іске асырылып, талай отбасыға баспаналы болу бақыты бұйырды. Мұның өзі аудандағы атқарылып жатқан жұмыстардың жемісі екені даусыз.



АУДАН АБАТТАНЫП ЖАТЫР



орын жетіспеушілігі де біртіндеп азайып келеді. Аудандағы атқарылып жатқан жұмыстардың тағы бір төресі – «Құлагер» ықшамауданындағы бір ауысымда 150 адамға дейін қызмет көрсетуге мүмкіндігі бар, заманауи спорттық кешен құрылысының аяқталғаны болды. Заманауи ДСК кешенінде барлық жағдай жасалған.

Мәселен, спорт және тренажер залдары, екі бассейні бар жаттығу залдарында аудан тұрғындары спорттың бірнеше түрімен айналыса алады. Сонымен қатар, аудан тұрғындарының саны артқан сайын қолжетімді медициналық қызметтердің тапшылығы да айқын сезіле бастады. Бұл ретте аудан көлеміндегі медициналық мекемелердің жүктемелерін азайту үшін әлі де бірнеше емханаларды ашу ең өзекті мәселеге айналып отыр.

Дегенмен, қалада жер жоқ, оның үстіне құрылысқа қажетті заттардың барлығының бағасы удай қымбат. Сол үшін ең тиімдісі дайын ғимараттарды сатып алу болғандықтан, аудан әкімшілігі Сидоркин, 14,

аймағы пайдаланылуға беріліп, ойын алаңдары мен спорт алаңдары, ыңғайлы орындықтар мен көше шамдары орнатылды. Қазір «Құлагердің Арбаты» ықшамаудан тұрғындарының ең бір жақсы демалыс орнына айналды. Жасалып жатқан тынымсыз жұмыстардың арқасында осы ауданға қарасты Сейфуллин даңғылы бойындағы жекеменшік үйлердің де «бағы» жанды. Бұл маңай көптен бері қараусыз жатқандықтан, кеш түссе адам жүруге қорқатын.

Бұл жерлердің барлығы да қоқыстан тазартылып, Workout құрылғысы орнатылды. Маңайға жарық желісі тартылып, орындықтар қойылды. Осылайша тағы бір саябақ пайда болып, тұрғындар серуендейтін демалыс аймағына айналды.

Өткен жылы «Құлагер» ықшамауданындағы көпқабатты үйлердің бірнешеуінің қасбеттеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сыртқы бояуы кетіп, көзге қораш көрініп тұрған үйлердің бет-бейнесі жаңарып шыға келді. Дегенмен, әлі де жөндеу күткен көпқабатты үйлер баршы-



Рая
ЕСКЕНДІР

Қандай қиыншылық, қаржылық дағдарыс болып жатса да, ауданда абаттандыру мен түрлі әлеуметтік нысандарды салу жұмыстары бір сәтке де тоқтаған емес. Қайта қызу қарқынмен жүріп жатыр. Осы аудандағы ең байырғы «Жұмысшылар поселкесі» деп аталатын елді мекендегі үйлердің әбден тозығы жетіп, тұрғындардан арыз-шағым жиі түсіп жататын. Осы тығырықтан шығудың ең төте жолы – «ескінің орнына жаңа» қағидаты болды. Қазіргі таңда осы мақсаттағы жүргізіліп жатқан құрылыс тіпті қарқынды.

Аудандағы Райымбек даңғылы – Кры-

лов – Казаков – Боткин – Гончаров – Скрябин көшелерінің қиылысында реновациялау бағдарламасы бойынша салынып жатқан үйлердің алды пайдаланылуға беріліп, әлі де қалған үйлердің құрылысы жүргізіліп жатыр. Алғашқы кезде осы жердегі тозығы жеткен 6 ескі үй сүріліп, орнына жалпы алаңы 16 мың шаршы метр болатын 304 пәтерлі 4 үйдің құрылысы басталған еді. Іле-шала осынау ескі үйлерді сүру бағдарламасы аясындағы жұмыс жалғасын тауып, тозығы жеткен екі үйдің орнына 12,5 мың шаршы метр болатын 183 пәтерлі үш үйдің құрылысы бой көтерді.

Қарқынды құрылыстың арқасында аудандағы бірнеше мектептердің жанынан қосалқы жаңа корпустар бой көтеріп,



Омаров, 91 А мекенжайларындағы бос ғимараттарды сатып алып, денсаулық мекемелеріне айналдыру ісімен айналысуда.

Осы ауданға қарасты Қазыбаев көшесі – Рыскулов даңғылы – Тәтібеков көшесі – Райымбек даңғылы бойында қазір де инженерлік желілердің құрылысы жүріп жатыр. Өткен жылы 43 км-ге жуық сумен жабдықтау желілері мен 15 км судан бұру жұмыстары аяқталып, орталық жүйеге 6 мыңнан астам адам қосылды. Жетісу ауданының тұрғындары қашаннан бел ортасынан табылады. «Бюджетке қатысу» жобасының жүйелі жүргізілуіне де тұрғындардың қосқан үлесі зор.

Мәселен, «Құлагер» ықшамауданында осы жоба аясында жаяу жүргіншілер

лық. Аудандағы өзендердің де өкпесі тазарып жатыр. Кезінде «Алматының өзендері» бағдарламасымен аудандағы өзендер мен арықтардың көзі ашылып, көмейі біраз тазарып қалып еді. Қараусыз қалған соң өзеннің өзегі қансып, арықтардың іші қокыс қалдығына толып жататын.

Қазір аудан аумағындағы арықтардың көзі ашылып, сылдырап су ағып жатыр. Маңайлары да жөнге келе бастаған. Аудандағы арық желілерін реконструкциялау жұмыстарының арқасында «Көкмайса» ықшамауданына қарасты Есентай өзенінің жағалауы да бұл күні абаттанып шыға келген. Үлкен Алматы каналы бойындағы реконструкциялау жұмысының нәтижесінде жаңадан ашылған саябақтар «Көкмайса», «Айнабұлақ» ықшамаудандары тұрғындарының демалып, серуендейтін орындарына айналып отыр.





ЕРКІН КҮРЕС

Қоржында қос алтын бар

Италия астанасы Рим қаласында жасөспірімдер (U17) арасында еркін, грек-рим және әйелдер күресінен әлем чемпионаты өтіп жатыр.

Еліміздің жас палуандары еркін күрестен құрама қоржынына екі алтын салды. Италия төрінде Қазақстан туын ең алғаш көкте желбіреткен Дарын Әскербек болды. 55 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен спортшымыз кезекпен Армения, Өзбекстан және Германиядан келген қарсыластарын жеңіп, финалдық кездесуге сүрінбей өткен. Шешуші сында отандасымыз АҚШ спортшысы Джейсон Патрик Форрестпен кездесті.

Айта кеткен жөн, америкалық күрес мектебі әлемдегі ең мықтылардың бірі болып саналады. Жерлесіміз үшін Форрестқа қарсы кездесу алғашқыда қиындық тудырды. Америкалық палуан әдепкіде алты ұпайға

алға шығып кетті. Дегенмен, алғашқы сәтсіздік Дарынның сағын сындырған жоқ, қайта спортшымыз нағыз ерік-жігер танытып, бұл белдесуді өз пайдасына шеше алды. Нәтиже – 11:10. Осылайша Дарын Әскербек жасөспірімдер арасында әлем чемпионы атанды.

Кезекті жарыс күні 92 келіге дейінгі салмақта бақ сынаған Камил Куруглиев Қазақстан қоржынына екінші алтын алып келді. Ол финалда венгриялық Мұса Арсункаевты мерзімінен бұрын 11:0 есебімен жеңді.

Сондай-ақ, грек-рим күресінен Арсен Жұма (48 келіге дейін) және Юсуф Ашрапов (60 келіге дейін) қос қола медаль жеңіп алды. Жалпыкомандалық есепте грек-рим күресінен біздің құрама 10-шы орынға жайғасты. Ал әйелдер күресінен Алина Ертістік 73 келіге дейінгі салмақта үшінші болды. Ол жарыс барысында Болгария мен Канададан келген қарсыластарын жеңген, алайда жартылай финалда Үндістан спортшысына есе жіберді. Дегенмен, Алина қола үшін күресте сүрінбей, америкалық қарсыласын басымдықпен жеңді.



БОКС

Көп асқанға – бір тосқан

«Қазақ титаны» атанған Алматы Жұманов бокстан «Ирандық Халк» лақап аты бар қарсыласы Саджад Гарибиді нокаутқа жіберді.

«Қазақ титаны» лақап атымен танымал алып күш иесі Алматы Жұманов «Wicked N' Bad на Dubai P7 Arena» промоушенінің Дубайда (БАӘ) өткен турнирінде өнер көрсетті. Қазақ палуаны өзін «Ирандық Халк» деп атайтын Саджад Гарибимен кездесі. Жекпе-жек бокс ережесі бойынша екі минуттан төрт раунд форматында өткізілді.

Айта кеткен жөн, екі спортшы да кәсіби боксшы емес. Алматы көпшілікке өте ауыр салмақтарды көтерумен танылған, ол сәуір айында АН-72 ұшағын орнынан қозғап,

Гиннестің рекордтар кітабына енді. Ал «Ирандық Халк» салмақ көтеру және бодибилдинг бойынша рекордтарымен танымал. Оның бойы 188 см болғанымен, салмағы шамамен 177 келіні құрайды.

Сондай-ақ, жекпе-жекке дейін екі спортшының салмақ өлшеу және бетпе-бет көрісу барысында жанжалдасып, жаға алысқандары әлеуметтік желілерге тараған. Оған Саджад Гарибидің Алматы «Бораттың Отанынан келген» деп мазақ қылуы себеп болса керек. «Қазақ титаны» қарсыласын бұл сөздері үшін жауап беретінін ескерткен. Жалпы, кездесу алдындағы жанжал бұл жекпе-жекке қазақстандық жанкүйерлер мен әлемдік көрерменнің қызығушылығын тудырды.

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» демекші, кездесудің өзі ұзаққа созылған жоқ. Алматы жекпе-жектің басынан-ақ қарсыласына ауыр соққыларымен ұмтылып, бірінші раундта техникалық нокаутпен жеңіске жетті.



ТЕННИС



Жұптық сында жетер жоқ

Анна Данилина кәсіби мансабындағы WTA-ның жұптық жарысында үшінші турнирін жеңіп алды. Бұл – теннисшіміз үшін 2022 жылғы жұптық сындағы екінші жеңіс.

Польшада өтіп жатқан жарыста спортшымыз неміс теннисшісі Анна-Лена Фридзаммен бірге финалға дейін жетті. Шешуші жарыста қазақ-неміс жұбы өз елінде өнер көрсетіп жатқан польшалық дуэти Катажин Кава мен Алисия Росольсканы жеңді. Екі сағатқа созылған кездесу супер тай-брейкте Данилина мен Фридзамның пайдасына шешілді, есеп – 6:4, 5:7, 10:5.

Айта кеткен жөн, осы жылдың қаңтар айында Данилина бразилиялық Беатрис Аддад Майямен бірге Сиднейде WTA 500 турнирін жеңсе, ал өткен жылы Гданьск қаласында белорус теннисшісі Лидия

Морозовамен бірге WTA 250 жарысында алғашқы олжасын иеленген. Сондай-ақ, 26 жастағы жерлесіміз жұптық сында ITF турнирлерін 24 рет жеңіп, 11 рет финалға шыққан.

Данилинаның артынан ерген жас теннисшілеріміз де әлемдік аренада жақсы нәтижелер көрсетуде. Асылжан Арыстанбекова мен Айя Нұпбай Өзбекстанда жұптық сында 18 жасқа дейінгі ойыншылар арасында үшінші санаттағы ITF сериясы турнирінің чемпиондары атанды. Финалда Айя мен Асылжан жарыстың алғашқы ракеткалары – Владислав Андреевская (Қырғызстан) және Владу Минчев (Ресей) жұбын жеңді, есеп – 1:6, 6:4, 10:5.

Жас спортшыларымыз биылғы маусымда юниорлық ITF жұптық разрядында өздерінің төртінші бірлескен титулын және мансаптарындағы алтыншы титулын жеңіп алды.

Жасөспірімдер арасында Ерасыл Ерділда да жұптық разрядтың жеңімпазы атанды. Финалда Ерасыл ресейлік Артем Алексейчукпен бірге Бу Хюк Чанга (Оңтүстік Корея)/Юван Нандала (Үндістан) дуэтин 4:6, 6:4, 10:6 есебімен жеңді.

ШАХМАТ

Жарыс жеңіспен басталды

Үндістанның Ченнай қаласында дүниежүзілік шахмат олимпиадасы басталды.

Дүниежүзілік шахмат олимпиадасына Қазақстан атынан ер және әйелдер құрамасы қатысып жатыр. Өкінішке орай, турнир алдында Динара Сәдуақасова мен Меруерт Камалиденова бұл жарысқа қатыса алмайтыны белгілі болды. Меруерт олимпиадаға дейін сырқаттанып қалса, Динара жеке себептеріне байланысты қатыса алмайтынын хабарлады.

Нәтижесінде Халықаралық Шахмат федерациясының әйелдер арасындағы рейтингінде 32 және 53-ші орындарды иеленген Д.Сәдуақасова (жеке рейтингі 2435) мен М.Камалиденованы (2397) Ксения Балабаева (2198) мен Назерке Нұрғали (2181) ауыстырды. Құрамадағы мұндай ауыс-түйіс

командалық рейтингтің төмендеуіне әсер етті: егер бастапқыда жарияланған құрамның орташа рейтингі 2441 болса (барлық қатысушы командалар арасында 4-ші орын), қазір 2365-ке (10-шы) дейін төмендеді.

Дегенмен, жарыс алдындағы факторларға қарамастан, біздің қыздарымыз бірінші турда Гватемаладан келген қарсыластарын барлық төрт партияда жеңе алды – 4:0. Шахматшыларымыз келесіде бельгиялық қыздармен кездесті. Бибісара Асаубаева мен Назерке Нұрғали өз тақталарында жеңіске жетсе, Жансая Әбдімәлік пен Ксения Балабаева тең ойнады. Жалпы есеп – 3: 1.

Жарысқа дейін ерлер құрамасында да айтарлықтай өзгерістер болды, олимпиадаға Денис Махнев пен Жандос Ағманов барған жоқ. Олардың орнына Әлішер Сүлейменов пен Қазыбек Нөгербек Ченнайға аттанды. Бірінші турда шахматшыларымыз Тайваньнан келген қарсыластарын 3:1 есебімен жеңді. Бірақ екінші кездесуде тәжікстандық шахматшыларға есе жіберді.

ФУТБОЛ

Тартыста тең түсті

Қазақстан Кубогының топтық кезеңінде кезекті айналым аяқталды.

Павлодарлық «Ақсу» өз алаңында алматылық «Қайратты» қабылдады. Бұл ойын командалардың ҚР Кубогындағы екінші кездесуі. Алматының «Орталық» алаңында өткен бірінші матч 3:2 есебімен «сары-қара» команданың пайдасына шешілген.

«Ақсу» үшін бұл кездесуде жеңіске жету өте маңызды болды. Себебі, павлодарлық команда осыған дейінгі үш ойынның барлығында жеңіліп, «А» тобында 0 ұпаймен соңында тұрған. Ал керісінше, өткен ойындарда 9 ұпай жинаған «Қайрат» командасы аталмыш кездесуді қосалқы құраммен бастады.

Алаң иелері ойынды жылдам шабуылдан бастап, 1 минутта есеп ашты. «Қайрат» қақпашысы Вадим Ульянов алыстан жасалған бірінші соққыны қайтарғанымен, жақыннан

тепкен 11 нөмерлі ойыншының добына үлгерген жоқ. Есеп 24 минутқа дейін тең болды. Алайда, «Ақсу» қақпасына қойылған 11 метрлік айып добынан кейін Еркебұлан Сейдахмет есепті теңестірді. Ойын 1:1 есебімен тең аяқталды. Кездесу нәтиже бойынша алматылық «Қайрат» ұпаймен әлі де топ бастап тұрса, «Ақсу» алғашқы ұпайына ие болды.

Сондай-ақ, Қазақстан Кубогы аясындағы өге де ойындарға шолу жасап өтейік. «Атырау» «Ордабасыны», «Каспий» «Қайсарды» және «Астана» «Арыс» командасы 2:1 есептерімен жеңді. «Шахтер» өз алаңында «Жетісудан» 4:2 есебімен басым түссе, «Мақтаарал» фаворит саналған «Тобылдан» бір ұпай тартып алды (1:0). Сондай-ақ, «Ақжайық» «Қызылжарға» жауапсыз екі гол соғып, жеңіске жетсе, «Ақтөбе» мен «Тараз» тең ойнады (1:1).

Бетгі әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Су уақытша болмайды



2-4 тамыз-
да Алма-
тының
бірнеше
ауданында
суық су
болмайды.

2 тамызда сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін Алмалы ауданы аумағында орналасқан Әйтеке би–Мақатаев–Амангелді–Мұратбаев көшелерінің контурында орналасқан тұрғын үйлер мен басқа да ғимараттарда;

3 тамызда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін Құрманғазы– Төлебаев – Гоголь–Назарбаев; Чайковский–Назарбаев–Гоголь–Құрманғазы көшелерінің контурында орналасқан тұрғын үйлер мен басқа да ғимараттарда;

4 тамызда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін Әуезов ауданындағы 8-шағынаудан аумағында орналасқан тұрғын үйлер мен басқа да ғимараттарда суық су болмайды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

COVID-19
ҚАЗАҚСТАН



ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

2020 жылғы 13 наурыздан
2022 жылғы 31 шілдеге дейін

КВИ +

КВИ - 2020 жылғы 1 тамыздан
2021 жылғы 30 шілдеге дейін

1 352 594



ЖҰҚТЫРДЫ



89 551

13 666



ҚАЙТЫС БОЛДЫ



5 357

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ШІЛДЕДЕ

КВИ +

24

КВИ -

2 414



ЖҰҚТЫРДЫ



*6

*0



ҚАЙТЫС БОЛДЫ



*1

*30.07.22 ж. деректер

ОҚЫРМАҢДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 4 айға – 2402 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 4 айға – 6482 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY
AQSHAMY»

жарияланымдары
мектептерде, колледждер
мен университеттерде
оқылады, әлеуметтік
желілерде зерделеніп,
талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» –

алматылықтардың да, еліміздің
барлық дерлік өңірлеріндегі
оқырмандарымыздың да асыға
күтетін, сүйіп оқитын басы-
лымы! Қазақ сөз өнері мен
журналистикасының дәстүрлі
мектебі!

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

2022 жылғы 10 тамыз сағат 11.00-де Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 31 В, мекенжайдағы «№67 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де Алмалы ауданының әкімі Е.И.Сейтеновтің халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық басқарма өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, прокуратура қызметкерлері және қоғамдық кеңес мүшелері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер Whatsapp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almary, Facebook – akimatamaly, Twitter – akimat_almary, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB сайты арқылы және 313-31-08,313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

Кездесуден кейін аудан әкімі, қалалық басқарма өкілдері және Мәслихат депутаттарының жеке қабылдауы өткізіледі.

Алматы қ. МАЭС 28.07.2022 ж. анықтамасымен «SAT» қазақстандық тігін компаниясы» ЖШС BSN 170240003768, мекенжайы Алматы қ., Сәтбаев к-сі № 29 Д, А корпусы, 2-каб., қатысты оналту рәсімін қолдану туралы Азаматтық іс қозғалды. Тел. +7 777 230 30 33.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ДӘРІПТЕЛДІ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматыда ашық аспан аясында «Ұлттық спорт мақтанышымыз» деп аталатын арқан тартыс пен тоғызқұмалақтан жарыс өтті.

Оған қала жастары белсене қатысып, аталған сайыс түрінен бақ сынады. Экология департаменті мен Аманат партиясы ұйымдастырған іс-шара бүгінде «Ұлттық мұра» жобасы аясында республикалық деңгейде өтіп жатыр.

«Бүгінгі іс-шараны естіп, жұмыстағы жастар қауымы келдік. Мақсатымыз – ұлттық ойынды дамыту. Жарыс өте қызықты өтті. Арқан тартысқа қыздар боп қатысып, 3-орын алдық», – деді қала тұрғыны Жәмила Құдайбергенова.

«Бұл іс-шараның мақсаты – еліміздің ұлылығын ұлықтап, ұлан-ғайыр байтақ жеріміздің кеңдігін насихаттау, ұлттық құндылықтарымызды, мәдениетімізді дәріптеу», – деді Аманат партиясы саяси жұмыс бөлімінің кеңесшісі Бекмұхан Абат.



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almaty-aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айнұр СЕНБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ЕСТІМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП

Боянбайтын аруға
жеңілдік барГүлжанат
СЕМБАЕВА

Жер-жаһанда қанша ел болса, сонша заң мен салт-дәстүр бары белгілі. Заңдардың кейбірі қызықты әрі орынды болғанымен, кейбірі, тіпті, ақылға сыйымсыз болып көрінеді. Ерекше заңдарды естігенде не айтарыңызды білмей қаласыз. Шетелдегі қызықты заңдарды білгіңіз келсе, оқи отырыңыз!

● Аргентинада боянбайтын, темекі тартпайтын қыз әр аптаның жексенбісінде дүкендерден 90% жеңілдік алады.



● Сингапурда сағыз шайнауға тыйым салынған. Бұл тыйым 1992 жылы күшіне енген. Тыйым салу себебі, елде 1992 жылы сағыздың кесірінен жүздеген адам өлген. Пойызда жол жүріп бара жатқан жолаушы вагон есігіне сағыз жабыстырып қойған. Дұрыс жабылмаған вагон есігі ашылып кетіп, есікке сүйеніп тұрған жолаушы қайтыс болады. Сондықтан сағызды тек дәрігердің рұқсатымен, денсаулығына байланысты ғана тұрғындар шайнай алады. Бұл заңды бұзған адамға 400 доллар көлемінде айыппұл төлеуге тура келеді. Жалпы, Сингапур – тазалық пен қылмыстың өте төмен деңгейімен танымал қала. Кез келген тәртіпті бұзған, табиғатты ластаған адамға жоғары мөлшерде айыппұл салынады.

● Индонезияда кез келген әйел өзінің телефондағы әңгімесін тыңдап қойған адамның заң бойынша құлағын күйдіре алады.



● Әлемнің бірнеше елінде көлікті мас күйінде тізгіндегені үшін жүргізушілерге үлкен айыппұл салынып, қатты жазаланады. Ал бір қызығы – Уругвай елінде керісінше, мас

күйінде көлік жүргізіп, жол ережесін бұзған жағдайда жүргізушіге жеңілдетілген жағдайлар қарастырылған.

● Заң бойынша көптеген елде ұлттық рәміздерді қорлауға тыйым салынған. Ал Дания мемлекетінде рәміздерге байланысты мынадай ерекше заң бар. Аталмыш елде өз туын қоспағанда, басқа мемлекеттердің туын өртеуге тыйым салынған.

● Қытайда суға батып бара жатқан адамды көрсеніз, көмектеспегеніңіз абзал. Себебі, сіздің көмегіңіз оның тағдырына араласу болып саналады екен.

● Канадада үй иелері есігін қалаған түспен сырлай алмайды. Заң есіктің түсін таңдауға тыйым салған. Егер үйдің есігін қызғылт түсті қылса, айыппұл салуы мүмкін. Оған қоса, бұл елде ағашқа өрмелеуге қатаң тыйым салынған.

● Солтүстік Кореяға сапарласаңыз, көк түсті джинсы шалбар киімеңіз абзал. Жалпы, өзіңізбен алар киімдерге мұқият мән беріңіз. Бұл елде Ким Ер Сын мен Ким Чен Ыр ескерткішіне көк джинсы шалбар киіп бару – қылмыс. Жазасын еңбек лагерінде өтеуі мүмкін. Ел билігі джинсы батыс елдерін бейнелейді деп санайды екен.

● Сауд Арабиясында театрға баруға тыйым салынған. Мұндай ерекше заң аталған мәдени орындарда бейәдеп бейнелердің еркін көрсетілуіне байланысты шыққан. 2018 жылы алғаш рет үлкен экраннан кино көрсетіледі. Оның өзіне арнайы шақырылған қонақтар ғана кіргізіледі.

ЖАЗ ӨРНЕГІ

ДЕМАЛЫСҚА ШЫҒАСЫЗ БА?

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Жаз – нағыз еңбек демалысының сәні кіретін мезгіл. Көбіміздің сол жаз айларында шығуға ұмтылып жататынымыз да сондықтан. Қызық, қысы-жазы жұмыс істеп келіп, жаз келе салысымен жұмысқа деген ынтамыз төмендеп, қожырай бастайтынымыз несі екен осы. Демек, ағза да, ми да шаршап, бір сәт тыныққысы келеді-ау!



«Ауылға кеттім!»

МҮНДАЙ КЕЗДЕ мемлекет бізге ақылы еңбек демалысын береді. Сосын оны қалай өткіземін десеңіз де өзіңіз білесіз. Кейбіреу қалтасына визасын салып алып, жолдорбасын арқалап, шетелге жол тартады. Суды жақсы көретіндер теңізге, көлге кетеді. Ал кіндік қаны тамған туған жерді сағынғандар бала-шағасын ертіп, ауылды бетке алады. Тіпті, еңбек демалысын үйін жөндеуге, баспана салуға арнайындар да жоқ емес. Үй саламын, баспанамды реттеймін деп шаршаған адам шаңырағының тіктелгенін, жаңарғанын көріп, бәлкім, демалып қалар. Ол жұмыс та жан рахатын сыйлар, ә?!


Еңбек демалысының төлемақысы үш күннен аспай төленуі керек. Есептеуге келсек, қызметкердің бір жылдық жалақысы 12 айға бөлінеді, сонда орташа табыс төлемақысы шығады. Оны демалыс күндеріне көбейтеді. Шыққан нәтиже еңбек демалысының төлемақысы болады.

Ісін сүйетін әріптес

ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ақылы еңбек демалысы қызметкердің тынығып, демалуына, алдағы күндері өнімді жұмыс істеуіне керекті күш-қуат жинап қайтуына, денсаулығын нығайтуына және қызметкердің өзге де жеке қажеттіліктерін өтеуге арналады.

Егер сіз жұмыс берушімен шарт жасаспай жұмыс істеп жатқан болсаңыз, яғни жалақыны қолма-қол алып жүрсеңіз, онда құжат бойынша жұмыс берушімен сізді заңды тұрғыда ештеңе байланыстырмайды, сол себепті еңбек демалысын талап ете алмайсыз.

«Мен кеттім демалысқа, мен жоқта не істесеңіздер де өздеріңіз біліңіздер» деп шығып жүре беру де дұрыс емес. Кейбіреулер алдағы демалысты ойлап, босаңсып, қайда барып, қайда жүретінін жоспарлауға көңіл аударып кетеді. Ал өз жұмысын сүйетін маман еңбек демалысына шықпас бұрын соған дейін тапсырылған істерді аяғына жеткізіп, өзі келгенше атқарылуы тиіс жұмыстарды сол салаға жауапты әріптесіне үйретіп не тапсырып кетеді. Электронды поштасын да бір сүзгіден өткізіп, тексереді. Сонда өзі де алаңсыз демала береді.



Хатқа жылқылар жауап береді



ИСЛАНДИЯДА жылқылар адамдардың хатына жауап береді. Нақтырақ айтсақ, бұл елде OutHorse Your Email қызметі құрылды. Онда хаттарға адамдар емес, жылқылар жауап береді екен.

Таяуда Исландияның «Visit Iceland» туристік орталығы жүргізген ғаламдық зерттеуге сүйенсек, бүкіл әлемдегі халықтың 41 пайызы электрондық пошталарын еңбек демалысы кезінде

күніне бір-төрт рет тексеріп тұрады, ал 14 пайызы оны күніне 5-6 рет қарайды екен.

Осы деректерді зерттеп, зерделеген исландиялықтар елге келетін туристердің жұмыс туралы мүлдем ұмытып, алаңсыз демалып, Исландияны емін-еркін саяхаттауға көмектесетін OutHorse Your Email сервисін құрған. Бұл сервис туристердің электронды поштасына қызмет бабымен түсетін хаттарға өздігінен жауап қайтара береді. Дәлірек айтсақ, жылқылар жауап береді. Ол қалай десеңіз, жануарлар пернетақтаға ұқсас үлкен кілемшенің үстінде арлы-берлі шапқылап, тұяқтарымен қызмет көрсете береді. Қызықты сервистік жүйе солай құрылған. Ашық аспан аясындағы пернетақтада жүру жылқыларға да ұнайтын көрінеді. Ал саяхатшылар бұл кезде ештеңеге бас ауыртпай, алаңсыз ел-жерді аралап жүре береді.

P.S. Жақсы демалыс – нәтижелі жұмыс кепілі. Мен де алдымыздағы дүйсенбіден бастап еңбек демалысына шықтым. Жақсы күндерде, жағымды жаңалықтармен жолыққанша, құрметті оқырман!